

НАША СТРАНА НАХОДИТСЯ В ЦЕНТРЕ КОНТИНЕНТА, НА СТЫКЕ МНОГИХ МЕЖДУНАРОДНЫХ ТРАНСПОРТНЫХ МАРШРУТОВ. КАЖДЫЙ ГОД РАСТУТ ТРАНЗИТНЫЕ ПЕРЕВОЗКИ ЧЕРЕЗ КАЗАХСТАН МЕЖДУ АЗИЕЙ И ЕВРОПОЙ. ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫЕ ГРУЗОПЕРЕВОЗКИ ТОЛЬКО МЕЖДУ КАЗАХСТАНОМ И КИТАЕМ ЗА ПРОШЛЫЙ ГОД СОСТАВИЛИ СВЫШЕ 23 МЛН ТОНН. В ЭТОМ ГОДУ ЭТОТ ПОКАЗАТЕЛЬ УВЕЛИЧИЛСЯ ЕЩЕ НА 22%.

Алихан СМАЙЛОВ,
Премьер-министр РК



№99 (2916)
28/11/2023

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

ДАРБАЗА – МАҚТААРАЛ ТЕМІР ЖОЛЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Өткен сенбі Түркістан облысының жұртшылығы үшін ерекше күн болды. 25 қараша Дарбаза – Мақтаарал теміржол желісінің құрылысы басталған күн болып тарихқа енді. «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Нұрлан Сауранбаевтың қатысуымен өткен жиында ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайылов телекөпір арқылы құрылыс жұмысын бастауға пәрмен берді.



Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана-Дарбаза-Астана

Инфрақұрылымдық жоба Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша жүзеге асырылуда және «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасына енгізілген.

Үкімет басшысы Әлихан Смайылов телекөпірге қатысушыларды айтулы оқиғамен құттықтап, Президенттің тапсырмасы бойынша

Қазақстан үшін өте маңызды тағы бір инфрақұрылымдық жобаны бастағалы тұрған теміржолшылар еңбегіне жеміс тіледі.

– Дарбаза – Мақтаарал теміржол жобасын іске асыру учаскенің өткізу қабілетін кеңейтіп, елдің экспорттық және транзиттік әлеуетін арттырады. Бұған қоса Түркістан облысының дамуына оң ықпалын тигізеді, – деген Премьер-министр құрылысты бастауға пәрмен берді.

Компания басшысы Нұрлан Сауранбаев теміржол рельсінің алғашқы болттарын теміржолшы ардагерлермен бірге бұрап, құрылыс ресми түрде іске қосылды. Салтанатты рәсімге арнайы келген танымал теміржолшылар Қалтай Сәмбетов, Борис Есенаманов, Нұртай Нұрғалиев сынды ардагерлер ел игілігі үшін аса маңызды жобаның бастау алуына орай қуаныштарын бөлісіп, ақжарма тілектерін жеткізді.

Компания алға тартқан деректерге сүйенсек, 2023 жылдың басынан бері Өзбекстанмен жүк тасымалдау көлемі 25,8 млн тоннаны құраған. Салтанатты іс-шара барысында «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Қанат Әлмағамбетовті сөзге тартқанымызда, ол бұл жобаны іске асыру жүк ағынын қазіргі қолданыстағы Сарыағаш – Ташкент учаскесінен жаңа желіге қайта бағыттауға, Сарыағаш станциясының жүктемесін азайтуға және Өзбекстан бағытында экспорттық тасымалдауды арттыруға мүмкіндік беретінін атап өтті. Сондай-ақ Дарбаза – Мақтаарал жаңа желісінің құрылысы халық тығыз орналасқан және агроөнеркәсіптік аймақты магистральдық теміржол желісімен байланыстыру арқылы Түркістан облысының дамуына септігін тигізбек.

Жоба екі кезеңге бөлінген. Бірінші іске қосу кешені Сырдария станциясына шығу мүмкіндігін беретін Өзбекстанның мемлекеттік шекарасы – Ердәуіт – Мақтаарал желісін салуды көздейді. Екінші кезеңде Сырдария станциясына шығу мүмкіндігін беретін Өзбекстанның мемлекеттік шекарасы – Жетісай филиалын пайдалануға беру қарастырылған.

(Жалғасы 2-бетте)

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ВЫПОЛНИЛИ ДОСРОЧНО



АО «НК «ҚТЖ» досрочно выполнило годовой план ОСЖД по передаче грузов на станции Достык.

Благодаря слаженной работе и эффективной совместной деятельности железнодорожников Казахстана и КНР годовой план, согласованный на совещании Организации сотрудничества железных дорог (ОСЖД), выполнен за неполные 11 месяцев. 25 ноября через пограничный железнодорожный переход Достык – Алашанькоу передано в КНР 16 поездов.

В целом через станцию Достык в КНР передано свыше 14,4 миллиона тонн грузов, что на 16,4% выше показателя аналогичного периода прошлого года.

Напомним, в начале второй декады ноября железнодорожники двух стран досрочно выполнили годовой план по передаче экспортных грузов. За 10 с половиной месяцев через станцию Достык в КНР передано свыше 10 миллионов тонн грузов. На экспорт отправлены зерно, уголь, руда, масла, окатыши, концентрат, медь, калий, кокс, цинк, феррохром, ферросплав и другое. Это стало своего рода рекордом для станции Достык – стратегические показатели по передаче экспортных грузов в Китай в начале второй декады ноября выполнены впервые в ее 30-летней истории.

Махаббат НЕГЕМБАЕВА

МОДУЛЬДІК ОҚУ ЖАЛҒАСУДА



«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның «100 жас есімі» бағдарламасы аясында қарашаның 20-сы мен 23-ші аралығында оқытудың 3 модулі онлайн форматта өтті. Оның ашылуына қатысқан компанияның бас инженері Батыр Котырев аталған бағдарламаның артықшылықтарын айтып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Бағдарлама аясында жас мамандар арнайы шақырылған спикерлерден дәріс тындап, түрлі тақырыпта өткен вебинарларға қатысты. 4 күнге созылған модульдік білім алу қорытындысында емтихан тапсырып, алған білімдерін қорытындылады.

– Оқыту кезінде Zoom платформасы арқылы «Қаржылық сауаттылық», «Уақытты басқару» және «Тәртіп әдебі» тақырыптарында вебинарлар өткізілді. Оқытудың 3-ші модулінде кәсібилімізді тағы мәрте шындадық, жаңа білім игеріп, дағдыларды дамыттық. Мысалы, «Қаржылық сауаттылық» тақырыбындағы вебинарды спикер Әсел Ауылбекова өткізді. Бұл семинардан бюджетті басқарудың тиімділігін, қаржылық пирамидалардың, несиелердің түрлерін, бағалы қағаздар нарығының құралдарын танып білдік. Осындай оқыту бағдарламасын жүзеге асыратын Әлеуметтік саясат департаменті, оқытуды ұйымдастырушылар командасына және спикерлерге алғыс білдіремін, – дейді «Жолаушылар тасымалы» АҚ «Экспресс» филиалы Алматы учаскесінің жолсерігі Диана Бимбетова.

Сонымен қатар «Уақытты басқару» вебинарын спикер Алмаз Аманбеков өткізді. Бұл семинарда қатысушылар уақытты қалай тиімді басқаруға, адамдардың психотиптерін қалай жіктеуге, Эйзенхауэр матрицасын қызметке қалай тиімді пайдалануға болатынын анықтап білді. Оқытудың соңғы күні «Тәртіп әдебі» тақырыбында спикер Латина Сатарованың вебинарында нағыз кәсіпқойдың этикалық қасиеттері, мүдделер қақтығысы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, әріптестер арасындағы ішкі коммуникациялар сынды тақырыптар қозғалды.

Ұлан ОРАЗ

Сотрудничество

РАЗВИТИЕ В ОБЩИХ ИНТЕРЕСАХ

Железнодорожники Казахстана и России обсудили вопросы сотрудничества.

Айлин БАУРЖАН,
Астана

В городе Шымкенте состоялось XIII заседание совместной рабочей группы по стратегическому сотрудничеству АО «НК «ҚТЖ» и ОАО «РЖД». Делегации сторон возглавили заместитель председателя правления АО «НК «ҚТЖ» Канат Альмағамбетов и первый заместитель генерального директора ОАО «РЖД» Сергей Павлов.

В ходе встречи стороны рассмотрели вопросы привлечения дополнительных грузопотоков, перевозок грузов по безбумажной технологии, развития прямого железнодорожно-водного сообщения, паритетного обслуживания локомотивов и



локомотивных бригад и другие.

Отмечалось, что план мероприятий по реализации основных направлений стратегического сотрудничества между ҚТЖ и РЖД на 2023 год выполнен. Также реализованы организационные, технические и технологические мероприятия «дорожной карты»

по активизации перехода на перевозки грузов и вагонов по безбумажной технологии. По инициативе ҚТЖ обсужден вопрос восстановления железнодорожного участка Кызыл-Ту – Граничная – Русская Поляна и строительство железнодорожной линии Бахты – Аягөз.

МАРКЕТИНГТІК БОЛЖАМ ЖАСАЛДЫ

Президент тапсырмасы аясында «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы шеңберінде көршілес Қытай елінен транзиттік ағындарды ұлғайту үшін бірқатар жобалар қолға алынғаны белгілі. Биылғы жылы «Бақты-Аягөз» теміржол желісі құрылысының техникалық-экономикалық негіздемесі әзірленді.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Оның нәтижесі бойынша еліміз бойынша аспан асты еліне жол тартатын желінің жалпы ұзындығы 270 шақырым болып белгіленді. Құрылысты іске асыру кезеңі 2024-2025 жылдарға жоспарлануда.

Жоба аясында Семей ЖТ бөлімшесі мен Абай облысының әкімдігі бірлескен іс-шаралар

жүргізуде. Желі бойыншағы жер учаскелерін мемлекет қажетіне орай резервтеу бойынша жұмыстар атқарылды. Сөйкесінше, аймақтағы республикалық, облыстық, аудандық маңызы бар автомобиль жолдарымен қиылыстар да келісілді.

Жалпы, «Бақты-Аягөз» жаңа теміржол желісі жобасын іске асыру бойынша арнайы жол картасы әзірленіп, бекітілді. Сонымен қатар 2030 жылға

дейін «Бақты-Аягөз» теміржол желісі бойынша жүктерді тасымалдау көлемінің маркетингтік болжамы анықталды. Ол жылына 7,8 млн тонна деп бағаланып отыр. Оның ішінде Беларусь жүктерінің көлемі шамамен 3 млн тоннаны, Ресейге тасымалданатын жүктердің көлемі – 2,7 тоннаны, ал қазақстандық жүктердің көлемі 2,1 млн тоннаны құрайды екен. Бұл ретте ежелгі Жібек

жолы бойында орналасқан Бақты кеден бекеті Қытайдың Еуропаға ашылған терезесі саналатынын да айта кеткен орынды.

Жаңа желінің салынуы аймақтағы транзиттік-логистикалық салаға жан бітіреді. Соның аясында «Бақты-Аягөз» теміржол учаскесінің құрылысын ескере отырып, Бақты шекаралық өткізу пунктіннің жанынан дәл «Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағы тәрізді «Құрғақ порт» жобасын салу және Семей қаласынан көлік-логистикалық орталық құрылысын салу жөнінде. Бұл да Президент Жолауы аясындағы негізгі тапсырмалардың қатарына жатады.

БҮГІНГІ ТАҢДА МАЛ МЕН ЖАНДЫ БАСУ ЖӘНЕ ӨТКЕЛДЕРДЕ ЖОЛ-КӨЛКІ ОҚИҒАЛАРЫН АЗАЙТУ МАҚСАТЫНДА ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРҒА ЕРЕКШЕ КӨҢІЛ БӨЛІНУДЕ. КОМПАНИЯ ҚАЗІРГІ ТАҢДА «МАШИНИСТІҢ ЕСКЕРТУ КІТАБЫН» АВТОМАТ-ТАНДЫРУ МҮМКІНДІГІН ҚАРАСТЫРУДА.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

АЛДАҒЫ ҚЫС МАУСЫМЫНДА ТЕМІР ЖОЛДАРДЫ ҚАРДАН ТАЗАРУҒА

281

АРНАЙЫ ТЕХНИКА ЖҰМЫЛДЫРЫЛМАҚ.

2029 ЖЫЛҒА ДЕЙІН ОТАНДЫҚ ЗАУЫПТАРДАН

844

ЖОЛАУШЫЛАР ВАГОНЫН САТЫП АЛУ ЖОСПАРЛАНЫП ОТЫР.

ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРГІ ОН АЙДА АҚТАУ ПОРТЫ АРҚЫЛЫ

19 000

АСТАМ ЖФЭ КОНТЕЙНЕР ТАСЫМАЛДАНҒАН.

ҚОЙМАЛАРДА КӨМІР ТАПШЫЛЫҒЫ ЖОҚ

Ардақ ҮСЕЙІНОВА,
Жамбыл



Бүгінде елді мекендерді газдандыру қарқынды жүргізіліп жатқанымен, әлі де теміржолдағы жүк тасымалының негізгі бөлігін көмір құрап отыр. Былтыр ҚТЖ бойынша көмір тиеу көлемі 106,7 миллион тонна болып, 2021 жылмен салыстырғанда 800 тоннаға артқан.

Жамбыл облысында биылғы маусымға бюджеттік ұйымдар мен облыс тұрғындарының қатты отынға қажеттілігі 212,3 мың тоннаны құрап отыр. Бүгінге дейін жоспарланған көлемнің 60 пайыздан астамы жеткізілген.

Бөлімше бойынша тек қараша айының екі аптасында 414 вагон, 28216 тонна көмір тасымалданған. Жаңатас станциясына – 28 вагон 1934 тонна, Маймаққа – 97 вагон 6634 тонна, Бірлікке – 20 вагон 1372 тонна, Сарышағана – 10 вагон 207 тонна, Түркісібке – 8 вагон 551 тонна көмір жеткізілген.

Он бес күнде тасымалданған жүк көлемінің есебіне жүгінсек, Бурыл станциясында 36 вагон 2403 тонна, Мыңаралда – 29 вагон 2030 тонна, Таразда – 6 вагон 398 тонна, Шу станциясында – 186 вагон 13085 тонна көмір бар.

Бір айта кететіні, Жамбыл облысында Байзақ, Жамбыл, Талас және Мойынқұм аудандарында теміржол тұйықтары бар көмір сатумен айналысатын нарықтық субъектілер жоқ. Сондықтан бұл ауданның тұрғындары қатты отынды Тараз және Шу қалаларынан сатып алып, әрі қарай жүк көліктерімен тасымалдауда.

Облыста көмірді тікелей сатумен 31 нарық субъектісі айналысады. Оның 24-і өңірлік операторлар. Жамбыл облысы әкімдігінің энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Дамир Тұңғатовтың айтуынша, қоймаларда көмір тапшылығы жоқ. Өңірге көмір тиеген вагондар тапсырысқа сай үздіксіз жеткізіліп жатыр.

«Шұбаркөл және Қаражыра маркалы көмірдің құны сортағына қарай 16 мыңнан 19,5 мың теңге аралығында сатылып жатыр. Бұл сома теміржол станциясынан шалғайдағы елді мекендерге тасымалдау шығынын есепке алсақ, құны бір тонна үшін шамамен төрт-бес мың теңгеге өсуі мүмкін», – дейді Д.Тұңғатов.

Өңірде өткен жылмен салыстырғанда облыста көмір тұтыну көлемі 10,6 мың тоннаға төмендеген. Себебі былтыр Жамбыл облысында тағы 17 елді мекен газдандырылған.

Айта кету керек, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-де өңірлерді көмірмен қамтамасыз ету бойынша интерактивті деректер базасы бар. Онда кіреберіс жолдардың техникалық сипаттамасы, жүк түсіру қуаты, ЖЭО қоймаларында көмірдің болуы туралы мәліметтер жинақталған. Сондай-ақ көмір өндіру орындарындағы тиеу жоспары мен жұмыс тәртібі туралы ақпараттар жаңартылып отырады.

ЗИЯНДЫ ӘСЕРІН ЕСКЕРТТІ

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана



«ҚТЖ» ҰК» АҚ – Магистральдық желі дирекциясының құрылымдық бөлімшелері мен филиалдарында қараша айында «Полиэтиленді пакетсіз күн» акциясы өтті.

Оның мақсаты бір реттік пластикті шамадан тыс тұтыну мәселесіне назар аудару, полиэтиленнің қоршаған ортаға және адамдарға зиянды әсерін ескерту болды.

«Полиэтиленді пакет қысқа мерзімге ғана пайдаланылып, қоқысқа тасталынады. Ал оны жақсаң, улы диоксин және басқа да зиянды заттар бөлінеді. Адам жылы сайын төрт жүзге жуық полиэтилен пакеттерін пайдаланады екен. Бұл қала маңындағы қоқыс орындарының 35 пайызы осы қалдықтармен толтырылады деген сөз. Ал біздің акциямыз, бұл күні полиэтилен пакеттерін матадан тігілген сөмкеге немесе жіптен тоқылған қапшыққа ауыстырып, халыққа пайдалы әдетке дағдылануды үйрету», – дейді дирекцияның экологиялық қауіпсіздік бөлімінің бастығы Айгүл Иримбетова.

Оның айтуынша, өңірлік және желілік деңгейде кездесулер өткізіліп, онда полиэтиленнің қоршаған ортаға теріс әсері туралы презентация көрсетіліп, оны пайдалануды тоқтатып, қағаз пакеттерді немесе эко пакеттерді тұтыну насихатталыпты. Сонымен қатар «Полиэтиленсіз күн» экологиялық акциясы аясында акцияның тақырыбы мен мақсаты көрсетілген анишлаттар ілініп, ақпараттық тақырыптық кездесулер өткізіліп және магистральдық жолдар полиэтилен бөтелкелері мен полиэтилен пакеттерінен тазартылыпты.

Бұл күні теміржол магистралінің еңбеккерлері акцияға белсенді қатысып, қызықты іс-шаралар өткізген. Мәселен, Қостанай НЖС қызметкерлері тарапынан Қостанай вокзалында жолаушыларға сауалнама жүргізіліп, оның қорытындысы бойынша қоршаған ортаға зиян келтіретін полиэтилен пакеттердің, қаптапалардың, бөтелкелердің қауіптілігі туралы хабардар ету қажеттілігі, сонда ғана адамдар бұл мәселенің маңыздылығы туралы ойлана бастайтыны анықталған. Ал Илепті темір жол учаскесі филиалы бойынша сурет байқауы ұйымдастырылып, оған филиал қызметкерлерінің балалары қатысқан. Балалар топырақты уландыратыны, табиғатты ластайтын, ұсақ жануарлар мен құстарды жойып жіберетін полиэтиленнің зияны туралы мағлұматтарды қылқаламға арқау еткен. Ал Алматы НЖС қызметкерлері өндірістік учаскелерде пластикалық бөтелкелер мен полиэтиленді пакеттерді жинап тазарту жұмыстарын жүргізсе, Жамбыл НЖС-ке қарасты Түлкібас жол дистанциясының экологы Гүлси-на Анарбаеваның анасы қызының акция күніне арнап арнайы матадан сөмке тігіп берген.

ДАРБАЗА – МАҚТААРАЛ ТЕМІР ЖОЛЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ



(Соңы. Басы 1-бетте)

– Ең бастысы, бұл жолдар жүктердің Қазақстаннан осы аудандарға тікелей шығуына және бұл аудандардан Қазақстанға тікелей шығуға мүмкіндік береді. Өйткені қазір олар екі шекарадан, яғни Өзбекстаннан Қазақстанға және керісінше өтуге мәжбүр. Сол себепті вагон айналымы аз. Бұл ол өз кезегінде, осы аудандардағы кәсіпорындардың дамуына кері әсерін тигізіп отыр. Өңір әкімшілігі, жаңа темір жолдар осы аудандардың дамуына үлкен серпіліс беретінін, өйткені бұл өңірде мақта егісі ғана емес, өнеркәсіптің дамуының да әлеуеті жоғары екенін айтып отыр. Тағы бір атап өтерлігі, қазақ-өзбек арасында екінші жаңа



жолдың салынуы Қазақстанның транзиттік әлеуетін ұлғайтуға да сеп болмақ. Себебі Тәжікстан, Ауғанстан, Өзбекстанның ба-

тысына бағытталған жүктер осы жолдар арқылы өзбек темір жолдарымен түйскеннен кейін шапшаң жеткізілетін болады. Екінші мәселе, жаңа жол Сарыағаш – Ташкент шекаралық өткелінде пойыздардың тұрып қалуына қатысты көпшілік тарапынан айтылып жататын сығна да нүкте қояды деген ойдам. Өйткені соңғы екі-үш жылда екі ел арасында жүк ағыны күрт өсті. Қазіргі учаскенің жүктемесі біраз азаяды. Оның үстіне өзбек әріптестеріміз Қазақстанға, Ресейге бағытталған жолаушылар пойыздарының санын арттыруды жоспарлап отыр. Әрине келешекте осы жол арқылы жүгімізді Пәкістанға, одан ары Үндістанға жеткізу ойымызда бар, – дейді Қанат Есмұханұлы.

Айтуынша, жаңа жол арқылы жүк ағыны қосымша 10-14 млн тоннаға артады деп болжануда. Ал болашақта 20-25 млн тоннаға дейін өсуі мүмкін. Себебі бұл учаске Ташкент торабын айналып өтіп, жүктерді екі бағытта да тезірек тасымалдайтын болады.

Дарбаза – Мақтаарал темір жол құрылысының ұзындығы 152 шақырымды құрап, құрылыс жұмыстарына 3400 шамасында жұмысшы тартылады. Жол бойында 9 станция, разъезд бой түзеп, 9 көпір және 13 жол құбыры салынады. Ал, құрылыс біткен соң 1000 жұмыс орны ашылады деп күтілуде. Сондай-ақ құрылысқа 19,7 мың тонна рельс, 280 мың жиынтық темірбетонды шпал және рельс бекітпелері сатып алынып, олардағы қазақстандық мазмұн үлесі 85% құрамақ.

Суреттерді түсірген Александр ЖАБЧУК

ШЕКАРАЛЫҚ ҮНТҮМАҚТАСТЫҚ АЯСЫНДА



Ақтөбеде «Қазкөліккәсіп» ҚБ мен «РОСПРОФЖЕЛ» ҚБ қызметкерлерінің басқосусымен дөңгелек үстел өтті. Шекара маңындағы қоғамдық ұйымдар арасындағы өзара іс-қимыл және ынтымақтастық туралы меморандумды іске асыру жөніндегі іс-шаралар шеңберінде өткен басқосуда кәсіподақ қызметкерлері ақпарат алмасып, тәжірибе бөлісті.

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Екі ел арасындағы стратегиялық ынтымақтастық жылдар бойы қалыптасқан. Жынында әлемдегі ең ұзын құрлық шекарасы бар көрші екі ел теміржолшылары арасындағы байланыс, бүгінгі таңдағы әлеуметтік ахуал, сала еңбеккерлеріне жасалып жатқан жағдай сөз болды. Сонымен қатар қауіпсіздік және еңбекті қорғау мәселелері қызу талқыланды. Шұғыл оқиғаларда қабылданатын шешімдер мен құқық қорғау қызметкерлерімен байланыс сөз болды. Сапалы қызмет жобасын жетілдіру, өндірістегі қауіпсіздікті арттыру тақырыптары сөз болды.

Сонымен қатар қос елдің кәсіподақ қызметкерлері ұзақ жылғы бірлескен байланысты, ынтымақтастық қатынасты одан әрі дамыта түсу жолдарын



қарастырып, теміржолшылар мүддесін қорғау жолында қызмет сапасын арттыру жайын талқылады.

Көрші ел делегациясы Қазақстанда жасалып жатқан жұмыстарға оң баға берді. «ҚТЖ-Жүк тасымалы» Батыс аймақтық филиалы директоры Бөріхан Беркімбаевтың баяндамасын мұқият тыңдап, теміржол саласының дамып жатқанына

көз жеткізді. Кәсіподақ пен қызметкерлер арасында тұрақты байланыс орнаған. Ең бастысы, мемлекеттен теміржол саласына қолдау бар екені көрінді. Біз шекаралас теміржолдар арасында байланыс арта түсіп, ынтымақтастық туралы меморандумды іске асыруға мүдделіміз, – деді «ДОРПРОФЖЕЛ» ЮУЖД Орынбор филиалының жетекшісі Анатолий Синенко.

Басқосуға қатысқан «Қазкөліккәсіп» ҚБ бас инспекторы Қайрат Мұқановтың мәлімдеуінше, қауіпті аймақта жұмыс істейтін теміржолшылардың қауіпсіздігі кәсіподақтың басты назарында. Қауіпсіздік пен еңбекті қорғауға қатысты жүргізіліп жатқан жұмыстарды бақылауда ұстап, бастамашыл болып отырады.

«Жыл басынан бері Ақмола, Қарағанды, Жамбыл, Семей және Алматы өңірлеріндегі 10 теміржол өткелінде пилоттық режимде «Бүркіт» аппараттық-бағдарламалық бейнебақылау кешендері орнатылды. Жыл соңына дейін бейнетіркеу жүйелері тағы 50 теміржол өткеліне орнатылады», – деді Қайрат Қазестайұлы.

Тараптар үшін маңызды кездесу соңында қонақтар ортақ мүдде жолындағы жұмыстарына сәттілік тілеп қоштасты.

Суретті түсірген автор

БАҒЫТТАМАЛЫ БҰРМА АУЫСТЫРЫЛАДЫ



Жалағаш станциясының солтүстік алқымында жұмыс істеп жатқан Қызылорда жол дистанциясының жолшылары бағыттамаалық бұрманы ауыстырудың дайындығын жасауда.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Жалағаш

Жалағаштық телім бригадирі Марат Пазылбековтің басшылығымен жүріп жатқан жұмысты екі топқа бөлінген жолшылар жүргізуде. Бірі ағымдық күтіммен айналысуда, екіншісі станциялық жолдағы ауыстырылатын бағыттамаалық бұрманы темірбетон шпалға бекітіп дайындау жұмыстарымен айналысуда.

– Жұмысқа қажетті құрал-сайман жеткілікті. Бағыттамаалық бұрма жаңадан жиналған болғандықтан барлық өлшемдердің сақталуына басымдық беріп, «екі өлшеп, бір кесіп» жатырмыз. Бұрма басының рельске жалғанатын жеріндегі өлшем бойынша рельске бекітілетін шпал арасы 420 миллиметрден болатын болса, соңына қарай екі шпал арасы 538 миллиметрлік қашықтықпен бекітілетін болады. Осы және өзге де өлшемдерден ауытқымау үшін рельс бойына бекітілетін нүктелердің орнын алдын ала өлшеп алып, қайта тексеріп жұмыс жасаймыз. Барлық жұмыс өлшеммен жасалады. Бекітпелер бекітілетін орындарды алдын



ала өлшеп, сызып белгілеп алып, бекітеміз. Жігіттердің бәрі 20-25 жыл жұмыс жасаған тәжірибелі теміржолшылар болғандықтан сенімді, – дейді бригадир Марат Пазылбеков.

Станция жолындағы №7 ағаш шпалды бағыттамаалық бұрманың ауыстырылуы – жоспарлы жұмыс. Міне, жол жөндеушілер Қайрат Досаев пен Рақым Аманов рельске бекітілетін шпалдардың арақашықтығына қарай төмен түсіңкіреп тұрған шпалды астынан сүйменмен демеп бекітіп жатыр. Шпал араларының өлшемі бағыттамаалық бұрманың басында 420 миллиметрден басталып бекітіліп, қашықтаған сайын 538

миллиметрлік арақашықтықпен бекітіледі және осы өлшемдер қадамының сақталуы маңызды.

Рельстерді қажетті өлшемде кесіп алатын «Жейсмар» жабдығымен Жеңіс Жаналиев пен дистанцияның Тереңөзек телімінен көмекке келген Мақсат Сексенбаев жұмыс істеп жатыр. Яғни рельстерді дәл өлшеммен кесіп даярлап жатыр. Ал болттарды қатайтын бекіткіш «Жейсмар» құрылғыларымен Бауыржан Қалыбеков, Бекзат Ибрагим мен Бағдат Пірманов айналысып, пружиналы ЖБР бекітпесін бұрап жүр.

Суретті түсірген автор

КОНСТРУКТИВНОЕ ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ



ЗАСЕДАНИЕ

Любовь РОВБА,
Астана

В мероприятии также приняли участие представители профсоюзов России, Азербайджана, Беларуси, Грузии, Кыргызстана, Таджикистана, Узбекистана и Армении.

Генеральный секретарь МКПЖ Геннадий Косолапов доложил о работе членских организаций конфедерации по защите интересов членов профсоюза с учетом меняющихся условий труда.

Как показал опрос, наиболее серьезные изменения в законы по вопросам труда и деятельности профсоюзов, разработанные совместно с социальными партнерами и уполномоченными госорганами, введены три года назад в Казахстане, – отметил Геннадий Косолапов. – Так, были закреплены полномочия профсоюзов по представлению в коллективных договорах интересов работников, не являющихся членами профсоюза, работодателю вменяена обязанность досудебного урегулирования индивидуального трудового спора в согласительных комиссиях, упрощены условия подтверждения статуса профсоюзов при их регистрации и т. д.

Он подчеркнул, что благодаря начатой Казпрофтрансом и Роспрофжелом активной работе по созданию новых организаций впервые за многие годы увеличилась их численность. К примеру, у Казпрофтранса есть положительный опыт создания и

Делегация ОО «Казпрофтранс» приняла участие в 66-м заседании совета Международной конфедерации профсоюзов железнодорожников в Душанбе (Таджикистан).



работы первичных профсоюзных организаций в аутсорсинговых, частных компаниях, в том числе с иностранным участием, работающих в железнодорожном комплексе.

В наших странах профсоюзы железнодорожников в силу их относительно высокой численности, устойчивого финансового положения, наличия квалифицированных кадров и сплоченности во многом организационно и методически самодостаточны. Поэтому каждый профсоюз вносит весомый вклад в развитие регионального отраслевого рабочего движения, – сказал Геннадий Косолапов.

Повестка заседания включала также вопросы цифровизации и финансовой деятельности профсоюзов, размеров членских взносов, проведения заседаний совета МКПЖ, семинаров и совещаний и выполнения меморандумов о приграничном сотрудничестве профсоюзов МКПЖ. Участники высоко оценили инициативный казахстанский профсоюзом международных форум женщин, который в этом году прошел в Костане.

Озвучили также итоги работы сети железных дорог 1520 в 2021-2023 годах и среднемесячную зарплату железнодорожников относительно номинальной по стране.

Председатель ОО «Казпрофтранс» Оразгали Ахметбаев отметил, что за последние два года в АО «НК «КТЖ» удалось существенно увеличить оплату труда работников. В 2022 году проведено дифференцированное увеличение от 20 до 40%, с начала 2023 года – на 5%, а с 1 марта еще на 15%.

Главная задача профсоюза – это улучшение социально-экономического положения работников. Основным инструментом, естественно, является Коллективный договор. Ежегодно выделяемые средства на исполнение обязательств по нему увеличиваются. В этом году по КТЖ (без дочерних организаций) эта сумма состави-

ла 18 миллиардов тенге, что на 2,2 миллиарда больше, чем в 2022-м, – проинформировал Оразгали Ахметбаев. – При этом профсоюз из своего бюджета также выделяет средства на оздоровление, материальную поддержку и защиту других интересов членов профсоюза.

В настоящее время Казпрофтрансом ведется работа по заключению нового Коллективного договора на 2024-2026 годы. На начало октября от профсоюзного актива подразделений компании всех регионов представлено более 350 различных предложений.

Оразгали Ахметбаев озвучил инициативу в 2024 году провести в рамках действующего меморандума о приграничном сотрудничестве в Казахстане семинар-совещание по обмену опытом в вопросах охраны труда и безопасности для технических инспекторов профсоюзов.

В 311 первичных профсоюзных организациях ОО «Казпрофтранс» имеется 1 100 технических инспекторов, и мы уделяем их работе большое внимание. В прошлом году они выявили свыше 2 300 недостатков и замечаний по вопросам безопасности и охраны труда, – проинформировал Оразгали Ахметбаев. – Для налаживания взаимодействия технических инспекторов приграничных станций просим рассмотреть предложение и внести его в план мероприятий МКПЖ.

Участники поддержали инициативу ОО «Казпрофтранс», отметив ее актуальность и преимущества для укрепления сотрудничества членских профсоюзов.

Следующее, 67-е, заседание Международной конфедерации профсоюзов железнодорожников пройдет в Кыргызстане.

Фото автора

Обучение

ОТ ТЕОРИИ К ПРАКТИКЕ

Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ,
Кокшетау

В Акмолинском отделении ГП проведено обучение работников на должность начальников, заместителей начальников станции, инженерно-технических работников, а также работников совмещенной профессии – ШНЦ/ДС.



В обучении приняли участие 15 человек. Специально для этого была составлена трехдневная программа, где начальники отделов доводили темы по своим ведущим вопросам. График обучения оказался плотным и тематически насыщенным. Молодым специалистам рассказали о выполнении нормативов личного участия в организации обеспечения безопасности движения поездов, разъяснили правила перевозок грузов железнодорожным транспортом, а также основные эксплуатационные показатели работы станции.

В ходе деловых игр с участием руководителей станций и инженеров отработывались действия в нестандартных ситуациях, рассмотрены формы и методы обучения кадров, в том числе на технических занятиях.

Главная цель обучения – повысить уровень готовности начальников станций и их заместителей к проведению комиссионного осмотра дороги и объектов инфраструктуры, – отметил главный инженер филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» Сайран Баржакин.

По окончании обучения был проведен показательный комиссионный месячный обзор с принятием зачетов. Каждый начальник отдела в течение трех дней поделился профессиональными навыками и знаниями с присутствующими работниками, чтобы в дальнейшем они могли их применить в работе.

Фото автора

Безопасность

ВАЖНАЯ ИНФОРМАЦИЯ

Семинар по расследованию несчастных случаев на производстве прошел в Усть-Каменогорске.

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

Участие в нем, помимо председателей первичных профсоюзных организаций, приняли представители управления государственной инспекции труда ВКО, руководство Семейского отделения грузовых перевозок по Оскеменскому региону, службы по охране труда и производственной безопасности железнодорожных предприятий.

Как отметила представитель Центрального совета ОО «Казпрофтранс» по Защитинскому узлу Айгуль Жайлаубаева, семинар провели в связи с участвовавшими случаями подписания профсоюзными работниками особого мнения при расследовании несчастных случаев, которое выражается в ущерб интересам пострадавшего работника.

Согласно Коллективному договору, председатель профсоюзного комитета является уполномоченным лицом, которое защищает

работника, – напомнила Айгуль Жайлаубаева. – От того, как будет проведено расследование несчастного случая, часто зависит не только судьба этого человека, но и выплаты, дальнейшая жизнь его семьи, родных и близких.

С правилами расследования несчастных случаев на производстве участников семинара подробно ознакомила ведущий инженер по охране труда и технике безопасности Семейского отделения грузовых перевозок Галина Стягова.

Ведущий инженер по охране труда и технике безопасности Оскеменской дистанции пути Берик Байкыров в свою очередь привел статистику за 10 месяцев текущего года.

С января по октябрь в АО «НК «КТЖ» произошло 67 несчастных случаев, из них не связано с производством – 43, а связано 18, из них два – групповых. В целом в несчастных случаях на производстве пострадали 20 человек, со смертельным исходом зафиксировано пять случаев, с последующей инвалидизацией

работника – один случай, – сообщил он.

Берик Байкыров также проинформировал, где и при каких обстоятельствах произошли все взятые на учет несчастные случаи, каково соотношение вины работодателя и работника по итогам расследований.

Председатель первичной профсоюзной организации Семейского отделения грузовых перевозок Берикхан Тлеужанов рассказал о роли председателя профсоюзной первички в расследовании несчастных случаев на производстве.

– Первое, что мы обязаны проверить, – это правильность оформления всех нарядов допуска при отправке человека на определенные виды работ и медицинские осмотры. При расследовании несчастного случая у пострадавшего эксперты берут анализ крови на наличие алкоголя или наркотических веществ. Если это находят, то доказать, что случай связан с производственным травматизмом, очень тяжело, – отметил Берикхан Тлеужанов.

В завершение семинара участники смогли посмотреть документальный фильм «Беда на станции Чусовая» о трагическом случае, произошедшем с сигнальником станции. Киноленту предоставила техническая библиотека на станции Оскемен-1.

СРАБОТАЛИ НА ОТЛИЧНО

На станции Караганда-Сортировочная прошло тактико-специальное учение по ликвидации последствий аварийной ситуации, связанной с течью опасного груза – серной кислоты, из-за схода цистерны с рельсов.



Светлана МОГАЙ,
Караганда

По легенде, при подаче цистерны № 75039313 с неорганической кислотой маневровым тепловозом ТЭМ-2 на территории Карагандинской дистанции пути (ПЧ-24) произошел сход первой тележки с двумя колесными парами. При осмотре составитель вагона начал кашлять, почувствовал боль в горле, в глазах, а также сильные ожоги, затруднение дыхания. Несмотря на болезненные

симптомы, он успел сообщить по радиосвязи о ЧП машинисту тепловоза ТЭМ-2.

– В результате трения и удара металлических конструкций цистерны и хребтовой балки возникла угроза взрыва в радиусе взрывоопасной зоны растекания серной кислоты. Машинист маневрового тепловоза оперативно сообщил дежурному по станции Караганда-Сортировочная о ЧП, а тот старшему диспетчеру НОД-4 и начальнику станции. Тотчас был выдан приказ об от-

правке к месту происшествия пожарного и восстановительного поездов, – рассказывает начальник противопожарной службы на транспорте Сайлау Жаркенов.

В ходе учения работники в/ч 52859 МЧС РК провели разведку места аварии, определили границу опасной зоны, степень зараженности местности, выставили предупредительные знаки по периметру ограждения опасной зоны.

Оперативно среагировала и бригада экстренного реагирования филиала ГУ «Центр медицины катастроф» МЧС: медработниками была оказана первая медицинская и врачебная помощь. Из зоны аварии вынесли одного пострадавшего, который впоследствии был направлен на амбулаторное лечение.

Весомую лепту в профилактическое мероприятие внесла команда из 10 человек пожарного

поезда станции Караганда-Сортировочная. Они осуществили боевое развертывание с подачей двух стволов «ТПС-600» от пожарного поезда и от АЦ-40 для предотвращения образования взрывоопасных паров над поверхностью растекающейся серной кислоты вокруг цистерны и на всей площади разлива.

В ходе расследования стало известно, что причина утечки – неисправность нижнего сливного прибора из-за схода цистерны, которая устраняется путем замены. После устранения аварийной утечки серной кислоты с поврежденной цистерны по команде руководителя учения прекратилась подача огнетушащих средств, боевые расчеты пожарных частей и пожарного поезда находились в ожидании вывода поврежденной цистерны с места аварии.

– Тактико-специальное учение проводилось в целях отработки практических навыков руководящего состава аварийно-спасательных служб, медицинской службы, железнодорожных предприятий, проверки их готовности в ограниченные сроки к работе в условиях ЧС и взаимодействия всех привлекаемых сил и средств, – резюмировал Сайлау Жаркенов.

Фото автора

ДЛЯ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА

Роман ЛЮБИМОВ,
Астана

Обучающие тренинги для работников организованы ТОО «Камкор Локомотив» совместно с Transportation Global LLC. Их цель – улучшение качества обслуживания локомотивов.

Занятия проходили на площадках локомотиворемонтных депо Астаны и Актобе, а также в Учебном центре КТЖ.

В них приняли участие слесари-дизелисты, слесари-электрики, мастера отделов технического контроля, а также инженеры-технологи из филиалов Актобе, Маката, Сексеула и Астаны.

Тренинги с приглашением специалистов Transportation Global LLC организованы в рамках годового плана технических занятий. В процессе обучения были затронуты разные аспекты, повышающие качество обслуживания локомотивов. В том числе работа с дизельными двигателями 7FDL и GEVO, а также электрическими системами тепловозов ТЭ33А, АС и ТЭМ11А.

– Получение новых знаний и отработка практических навыков играют важную роль в повышении профессионализма наших сотрудников, что, без сомнения, сказывается на уровне качества предоставляемого сервиса, – отмечает директор по сервисному обслуживанию ТПС ТОО «Камкор Локомотив» Абзал Алиев.

Фото автора

НЕОПРАВДАННАЯ СПЕШКА

Махаббат НЕГЕМБАЕВА,
Астана



ПРОФИЛАКТИКА

Свыше 15 000 профилактических мероприятий проведено с начала 2023 года транспортными полицейскими на станциях, в железнодорожных организациях и учебных заведениях Казахстана.

Однако, несмотря на разъяснительную работу, в этом году под колеса поездов попали 82 человека, из них шестеро – дети.

– Основной причиной трагических случаев по-прежнему остается несоблюдение правил нахождения граждан в зонах повышенной опасности. Это переход железнодорожных путей в неустановленном месте, неоправданная спешка и беспечность людей, нежелание пользоваться пешеходными мостами и тоннелями, – отмечает заместитель начальника департамента полиции на транспорте Мадияр Айтуганов.

Он отметил, что с 20 по 30 ноября проводится широко-масштабное оперативно-профилактическое мероприятие «Правопорядок». Основной упор сделан на принцип «нулевой терпимости» к любым проявлениям мелких правонарушений, а также безопасности на объектах железнодорожного и других видов транспорта.



90-ЛЕТНИЙ ЮБИЛЕЙ: ИСТОРИЯ УСПЕХА ДЕПО

В минувшую пятницу коллектив Карагандинского эксплуатационного локомотивного депо отпраздновал его 90-летний юбилей.

Торжественное мероприятие старейшего в области предприятия началось с церемонии открытия мемориала на территории депо. На лицевой стороне архитектурно-скульптурной композиции запечатлена краткая история организации, датируемая с 1933 по 2023 год.

На сегодняшний день в штате предприятия насчитывается 1 400 человек. Локомотивные бригады ТЧЭ-14 обслуживают участок от Астаны до Сарышагана, который составляет более 700 километров. Сегодня по объему перевозок предприятие занимает второе место по стране. ТЧЭ-14 – одно из старейших и передовых подразделений Казахской железной дороги. Его история берет начало в далеких 30-х годах, когда осуществлялось строительство железной дороги станции Курорт-Боровое через Акмолинск до Караганды. Новая ветка способствовала быстрому развитию угольного производства региона и стала частью Транскаспийского международного транспортного маршрута, соединяющего Азию и Европу.

Сегодня коллектив депо успешно выполняет свои производственные показатели, обеспечивает безопасность грузовых поездов, повышает производительность труда. Хочется выразить благодарность сотрудникам депо, а также ветеранам и пенсионерам, проработавшим на предприятии много лет. Несомненно, ими внесена весомая лепта в процветание структурного подразделения, – подчеркнул директор филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ПТ» Марат Ибраев.

После официальной части отличившимся сотрудникам депо вручили нагрудные знаки «Адал еңбегі үшін», юбилейные медали, почтенные грамоты и благодарственные письма от руководства АО «НК «КТЖ». В их число вошли и работники филиала «Карагандинское локомотивное отделение депо» ТОО «Қамқор Локомотив», которым на сегодняшний день руководит Асхат Адайбаев.

На мероприятии присутствовали первый локомотивщик, стоявший у истоков

образования локомотивного хозяйства КТЖ, советник председателя правления КТЖ – ГП Аспан Кажигулов, председатель Карагандинского филиала «Казпрофтранс» Яхия Альмусин, председатель первичной организации профсоюза филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ПТ» Галы Ермекебаев, бывший председатель дорожной профсоюзной организации Дулат Сериков и другие.

На праздничной сцене выступил Рамазан Тусупов. Последние 10 лет до выхода на заслуженный отдых он трудился главным инженером в Карагандинском локомотивном эксплуатационном депо. Бывший железнодорожник рассказал о своей семейной династии, которая начинается с деда Усена, работавшего машинистом с 1936 года, продолжателем его дела стал отец Байкен. Мама, братья, супруга, сестра Рамазана Тусупова также трудились на железной дороге. Сейчас династия продолжает его младший сын.

От Карагандинского филиала «Казпрофтранс» присутствующих поздравили Яхия Альмусин. Он отметил, что на сотрудников депо возложены ключевые задачи по созданию комфортных и безопасных условий для пассажиров, удовлетворению потребности перевозок, эксплуатационному обеспечению безопасности движения и сохранности перевозимых грузов. – За прошедшие годы работники предприятия внесли значительный вклад в развитие и становление депо. Во все времена они отличались высокой дисциплиной, сплоченностью, способностью профессионально выполнять поставленные задачи. Большое вам за это спасибо, – подчеркнул он.

Праздничную юбилейную программу украсили творческие коллективы и артисты Дворца культуры железнодорожников, а также талантливые сотрудники ТЧЭ-14, создавшие позитивную атмосферу и прекрасное настроение присутствующим в зале работникам стальной магистрали.

Светлана МОГАЙ, Караганда
Фото автора

БЕЙНЕТТІҢ ЗЕЙНЕТІН КӨРМЕК

Атырау белгі беру және байланыс дистанциясында түп-тура 40 жыл еңбек еткен Шолпан Туманова зейнет жасына жетіп отыр. Өткен аптада әріптестері онымен қимай қоштасып, көп жылғы еңбегіңіздің жемісін көріңіз деген тілекпен шығарып салды.



Жастайынан бүкіл өмірін темір жолға арнап, соның ыстығына күйіп, суығына тонып еңбек еткен Шолпан 1962 жылы Гурьев қаласында дүниеге келген. 1979-1983 жылдар аралығында Алматы қаласындағы теміржол көлігі инженерлері институтында білім алып, «Автоматика, телемеханика және байланыс» мамандығы бойынша бітіріп шығады. Еңбек жолын Гурьев,

қазіргі Атырау белгі беру және байланыс дистанциясында СОБ электромонтері болып бастаған күні бүгіндей есінде. Атырау мен Дина Нұрпейісова станциясы аралығындағы СОБ қондырғыларының жұмысын, автоблоктау, байланыс жүйелерінің тұрақты қызмет жасауын қамтамасыз ететін дистанцияда 15 жылдай электромеханик болып еңбек еткен Шолпан 1998 жылы дистанция

бастығының кадрлар жұмысы бойынша көмекшісі болып тағайындалады. Бірнеше жылдан кейін жұмысты ұйымдастыру және нормалау бойынша инженер-экономист қызметін атқарады. Ал зейнеткерлікке дистанцияның персоналдармен жұмыс бөлімінің менеджері лауазымынан шығып отыр.

– Ол – өз жұмысын жақсы ұйымдастыра білетін сауатты маман. Оның іс тәжірибесі

семинарларда көрсетіліп, басқаларға үлгі ретінде таратылды. Оңтайландыру саясатына байланысты Атырау жүк тасымалы бөлімшесінің 40 маманын дистанцияның СОБ электромонтері қызметіне ауыстыру жұмыстары да осы кісінің жауапкершілігімен өте тиімді жүргізілді, – дейді Атырау магистральдық желі бөлімшесінің персоналдармен жұмыс бөлімінің бастығы Анар Жалғаспаева.

Шолпан Туманова теміржол саласының дамуына қосқан елеулі үлесі үшін «Болат жолдың даңқты еңбеккерлері-2012» Құрмет кітабына енгізіліп, 2021 жылы «Адал еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталған. Отбасында бала-шаға өсіріп, немере сүйіп отырған асыл ана. Ұжымдастары оны зейнет жасына жетуімен құттықтап, ұзақ жыл бірге болған әріптестерімен қимай қоштасып.

Қосқым МҰҚАШЕВ, Атырау
Суретті түсірген автор

ТЕМІРЖОЛШЫЛАР – ЕҢ БЕЛСЕНДІ ДОНОРЛАР

КТЖ қызметкерлері донорлық қан қажет ететін азаматтар үшін қан тапсыру акцияларына қашан да белсене қатысып келеді. Өткен жұма күні компанияның бас ғимаратында Ғылыми-өндірістік трансфузиология орталығы ұйымдастырған Донор күні көшпелі іс-шарасына 100-ге жуық теміржолшылар қатысып, қан тапсырды.



Донорлар қаны ауыр жаракат алғанда, ота жасатқанда, балалар және инфекциялық ауруларда, септикалық күйге түскенде, күйік шалғанда немесе ұланғанда адам өмірін сақтауға көмектеседі. Мұның мәні зор игілікті іс екенін жеткізе келе аталған орталық әртүрлі кәсіпорындардағы қызметкерлерді қайырымдылық іске атсалысуға шақырады. Осы ретте КТЖ-да ең көбі 20-30 жылдан бері донор болып келе жатқан теміржолшылар бар екенін айта кету керек. Солардың бірі компанияның Автоматтандыру және цифрландыру дирекциясының бас менеджері Саяна Доспанова 1998 жылдан бастап донор екен.

– Қан тапсыруды 18 жасымда бастағанмын. Ең басында жақын танысым қиын жағдайға тап болып ота жасаты, соған қан тапсыруға тура

келді. Содан бері жылына 3-4 рет қан тапсыруды әдетке айналдырдым. Денсаулығым өте жақсы, аса бір ерекше спорт түрімен де айналыспаймын. Тамағым да бәрімен бірдей. Тек ет жегенді жақсы көремін. Негізгі адамның қаны 2 жылда орнына келеді. Жасыңыз 18-ден асқан, салмағыңыз 50 келден жоғары, қан қысымы қалыпты, қан құрамы дұрыс болса, донор бола аласыз. Сонымен қатар ауру бойынша есепте тұрмаған болуың керек, – дейді С. Доспанова.

Негізі жолда 22 жылдан бері еңбек ететін, ал донор болғанына 18 жылдан асқан Алмағұл Қияшеваның «Құрметті донор» деген атағы да бар.

– Бас есептеуіш орталықта менеджер болып істеймін. Бізге тіркете тұрған донор болуыңа қан қажет кезде алдын ала поштамызға,

телефонымызға хабарлама келеді. «Донор жаднамасы» деген бар, сол бойынша қан тапсыра алдында 72 сағат бойы құрамында дәрілер қабылдамау, 48 сағат бойы ішімдік ішпеу, 24 сағат бұрын майлы, ащы, сүрленген, сүт тағамдары мен жұмыртқадан бас тарту, 5-10 минут бұрын міндетті түрде тәтті шәй ішу талап етіледі. Ал қан алып болғаннан кейін екі күн бойы сұйық тамақ көп ішу, 14 күн ішінде екпе салдырмау, бір күнге дейін ауыз зат көрмеу, денеге сағат салмау, ішімдік ішпеу сияқты талаптар қойылады. Донор болуының тағы бір жақсы жағы – медициналық тексеруден жиі өтіп, қан құрамындағы гемоглобинді, холестерин мөлшерін, сонымен қатар

АИТВ мен В,С гепатиті аурулары бойынша да денсаулығыңызды біліп отырсыз, – дейді донор-теміржолшы.

Мұндай көшпелі қан тапсыру акциялары КТЖ-да жылына бірнеше рет өткізіледі. Ғылыми-өндірістік трансфузиология орталығының дәрігері Меруерт Жәдігердің айтуынша, КТЖ қызметкерлері – елордадағы ең белсенді донорлардың қатарында. Жұма күні Донор күні акциясына барлығы 134 теміржолшы барып, оның 92-сі денсаулығы жағдайы тұрақтыдан тапсырған. Солардың ішінде үнемі қан тапсыратын үздік 10 донор-теміржолшы жылына 3 реттен қан тапсыратыны анықталды.

Райхан РАХМЕТОВА
Суретті түсірген автор

Спорт

«КТЖ» ҰК» АҚ Әлеуметтік саясат департаментінің ұйымдастыруымен биыл 25 қараша мен 9 желтоқсан аралығында Астанада теміржолшылар арасында спорттың бірнеше түрінен дәстүрлі спартакиада өтуде. Оған компанияның Орталық аппараттары, филиалдары мен еншілес ұйымдар қызметкерлерінен жинақталған 24 команда қатысып, 7 спорт түрінен бақ сынауда.



ДӘСТҮРЛІ СПАРТАКИАДА ӨТІП ЖАТЫР

Атап айтқанда, астаналық теміржолшылар волейбол, шағын футбол, баскетбол, үстел теннисі, асық ату, тоғызқұмалақ, арқан тарту-данду жарысы жатыр. Алғашқы жарыс өткен сенбіде волейболдан басталды. Спартакиаданың ашылу салтанатына компанияның аппарат басшысы Серік Кеулімжаев пен «Қазкөліккәсіп» ҚБ төрағасы Оразғали Ахметбаев қатысып, спортсүйер теміржолшыларға сәттілік тіледі.

– Спартакиада мақсаты – компания қызметкерлері арасында ішкі корпоративтік командалық рухты көтеру, салауатты өмір салтын насихаттау және республикалық, халықаралық деңгейдегі спорт додаларына мықты спортшылар іріктеп, жинақтау. Баршаңызға алдағы спорттық жарыстарда күш пен қайрат серік болсын, ең мықты-

лардың жеңуіне тілектеспіз, – деді аппарат басшысы.

Волейболға 19 команда қатысып, олар жарысу барысында 5 ішкі топқа бөлінді. Екі алаңда ойнаған олар тек бір ішкі топта 3 командадан, қалған топтарда 4 командадан бөлініп ойнады.

– КТЖ өз қызметкерлерінің спорттың қай түрінен болсын шынығып, жаттығуына барлық мүмкіндікті жасайды. Қызметтен бөлек спортпен шұғылдануға компанияда жағдай бар. Себебі спортқа бейім адамның дені сау болады, ал денсаулығы мықты қызметкердің жұмысқа да бейімі зор келеді, – дейді Әлеуметтік саясат департаментінің менеджері Ольга Липчанская.

Волейболға «КТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС, Қыркыңшы станциясы, «Теміржолсу» және ЭЧ-8 мекемелері,

Көпфункционалды қызмет көрсету орталығы, Әскерилендірілген теміржол күзеті қызметі, «Нұрлы жол» вокзалы, Қала маңы тасымалы, Жолаушылар локомотиві кәсіпорны, Кедентранссервис және басқа да теміржол ұйымдарының қызметкерлері қатысты. Ойын нәтижесінде 1-орынды Астана станциясының «ДС-Астана» командасы жеңіп алса, 2-орынға Магистральдық желі дирекциясының «ДЖС» командасы тұрақтады. Ал үшінші орынды «Жолаушылар тасымалы» АҚ «Солтүстік» филиалының «Солтүстік» командасы иеленді. Жеңімпаз командалар арнайы дипломдармен және бағалау сыйлықтармен марапатталды. Спартакиада келесі күні шағын футболмен жалғасын тапты.

Ұлан ОРАЗ
Суретті түсірген автор

ВЫЯВИТЬ ЛУЧШИХ

Соревнования по дартсу и настольному теннису провед в Риддере профсоюз.



Турнир проходил в здании городского спортивного модуля Риддера. В нем приняли участие работники и первые руководители станций Риддер и Тишинская, а также представители ППО Оскеменского эксплуатационного вагонного депо, Защитинской дистанции сигнализации и связи, Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо, которые трудятся на станции Риддер.

– Мы приехали на соревнования вместе с моим заместителем Мирхатом Ахметовым, – рассказал начальник станции Риддер Ерасыл Бактыбеков. – Таким образом мы поддержали своих работников, да и сами решили сыграть в настольный теннис.

На торжественном построении участников приветствовали представитель Центрального совета АО «Казпрофтранс» Айгуль Жайлаубаева, председатель первичной проф-

союзной организации Семейского отделения грузовых перевозок по узлу станции Оскемен-1 Берихан Тлеужанов, инструктор-организатор по спорту ФСК «Локомотив» Изгилик Куйекбаев.

Приветствуя участников, Айгуль Жайлаубаева отметила, что в профсоюзе рассмотрят любые предложения от коллективов в части проведения спортивных и культурно-массовых мероприятий.

Всего в соревнованиях по настольному теннису приняли участие 10 человек. Их разделили на две подгруппы. Игры одновременно проходили на двух столах. Выиграл состязания Азамат Шарипов, занявший первое место. На втором – оказался Ерасыл Бактыбеков, третье – у Вадим Владимировичев. Всем победителям вручили денежные сертификаты.

Поиграть в дартс с готовностью вызвались больше 20 человек –

мужчин и женщин. Игроки подбадривали друг друга, шутили.

По итогам соревнований среди женщин первое место заняла Айжан Макпаева, второе – Олеся Николаева, третье – Ольга Сидорова.

Среди мужчин лучшим стал Артем Васильев, вторым – Александр Феоктистов, а замкнул тройку лидеров Павел Панышин.

За поддержку в проведении спортивного мероприятия Айгуль Жайлаубаева вручила благодарственные письма от железнодорожников директору КТУ «Детско-юношеская спортивная школа» Риддера Нурболата Магзумову, заведующим городским спортивным модулем Бауыржану Битибаеву, Кайырлы Сулейменову,

– Во время соревнований каждый из нас получил какие-то эмоции, мы пообщались. Теперь будем стараться почаще приезжать, а также регулярно проводить спортивные мероприятия на линии, выявляя новых спортсменов среди наших железнодорожников. В Риддере мы уже узнали, кто из работников станций и других предприятий с удовольствием готов принимать участие в соревнованиях по волейболу, футболу, лыжному спорту, – резюмировала она.

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск
Фото автора

КАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ
Бас редактор
Дина Муздубаева
Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Астана, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 11 340

Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, ауе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазба рұқсаты алынып, газетке тілсез жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Л. Ровба, Р. Рахметова

Меншікті тілшілер:
Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосқым Мұқашев 8-778-946-09-66
Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Маңғыстау: Шахиджа Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабыржан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
Жамбыл: Ардақ Ұсейінова 8-777-667-26-20
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61

Редакцияның мекен-жайы:
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел.: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу нөмірі берілді.